Санитариялық-эпидемиологиялық қорытындыларды қайта ресімдеу тәртібі туралы түсіндірме

Санитариялық –эпидемиологиялық қорытындыларды қайта рәсімдеу тәртібі туралы түсіндірме

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-336/2020 бұйрығымен бекітілген «Санитариялық-эпидемиологиялық қорытындыларды беру бойынша мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларының» (бұдан

әрі – Қағидалар) 33-тармағына сәйкес, санитариялық-эпидемиологиялық қорытындыны (бұдан әрі – СЭҚ) нысанды **тексеру жүргізбей қайта ресімдеу келесі жағдайларда көзделген:**

1) құжатта қателердің (баспа қателерінің) анықталуы;

2) Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 45-бабына сәйкес заңды тұлғаны қайта ұйымдастыру;

3) объектінің нақты орнын ауыстырмай, мекенжайының өзгеруі;

4) заңды тұлғаның немесе жеке кәсіпкердің атауының өзгеруі;

5) объектінің мақсаты, қызмет түрі, технологиялық процесі, қуаты мен құрылымдық сипаттамалары өзгермеген жағдайда, жұмыс істеп тұрған объектіні басқа тұлға меншігіне алған кезде.

❗Маңызды:
Объект жалға (немесе сенімгерлік басқаруға) берілген жағдайда санитариялық-эпидемиологиялық қорытындыны қайта ресімдеу
көзделмеген. Қайта ресімдеу тек меншік құқығы басқа тұлғаға өткен кезде ғана жүзеге асырылады.

СЭҚ қайта ресімдеу үшін келесі құжаттар ұсынылады:

• белгіленген нысандағы өтініш (Қағидалардың 7-қосымшасына сәйкес санитариялық-эпидемиологиялық қорытындыны қайта ресімдеуге негіз болған тиісті өзгерістер туралы растайтын құжаттармен бірге өтініш жібереді);

• тиісті өзгерістерді растайтын құжаттар (сатып алу-сату, сыйға тарту шарты, қайта ұйымдастыру туралы құжат, мекенжай
немесе атау өзгерісі және т.б.) – Қағидалардың 2–5-тармақтарында көрсетілген жағдайларда.

ЖЕКЕ КАБИНЕТТЕ СЭҚ ҚАЙТА РЕСІМДЕУ ФУНКЦИОНАЛЫ БОЛМАҒАН ЖАҒДАЙДА, www.elicense.kz порталы арқылы **ЖАҢА ӨТІНІШ** беру қажет. Ол үшін келесі бөлімдерді таңдау керек: «Денсаулық сақтау» – «Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беру». Одан кейін жүйеде міндетті өрістерді толтырып, қажетті құжаттардың орнына Қағидалардың 7-қосымшасына сәйкес өтініш нысанын және тиісті өзгерістерді растайтын құжаттарды тіркеу қажет.

Егер www.elicense.kz ақпараттық жүйесі осы жағдайға қатысы жоқ құжаттарды сұратқан жағдайда, жүйеде өтініш беру рәсімін аяқтау үшін бос (скан-көшірме түріндегі) файлдарды тіркеуге рұқсат етіледі.

Берілген өтініштің мәртебесін Жеке кабинетте "Менің өтініштерім"бөлімінде бақылауға болады. "Менің рұқсат құжаттарым" бөлімінде рұқсат алу туралы мәртебе. "Менің хабарламаларым" бөлімінде хабарлама алу туралы мәртебе.

Порталдың жұмыс кестесі: жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы. Көрсетілетін қызметті беруші өтініш келіп түскен күні оны тіркеуді жүзеге асырады. Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде, еңбек арыздарын қабылдау және Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Қызмет көрсету нәтижесі: санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды немесе санитариялық - эпидемиологиялық қорытындыны қайта ресімдеуден дәлелді бас тарту.

ҚР заңдарында белгіленген санитариялық-эпидемиологиялық қорытындыны қайта ресімдеуден бас тарту үшін негіздер: растайтын құжаттар ұсынылмаған немесе тиісінше ресімделмеген кезде.